

**«Balabaqsha» мемлекеттік және жекеменшік мектепке дейінгі білім беру
ұйымдарының ваучерлік мемлекеттік қаржыландыру сервисіне
қол жеткізуді ұсыну бойынша № __/26 үлгілік пайдаланушылық келісімді
бекіту туралы**

Осы «Balabaqsha» мемлекеттік және жекеменшік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының ваучерлік мемлекеттік қаржыландыру сервисіне қол жеткізуді ұсыну бойынша үлгілік пайдаланушылық келісім (бұдан әрі-Келісім) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес қосылу шарты болып табылады және 2008 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 387 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне ведомстволық бағынысты ұйым болып табылатын жарғылық капиталға мемлекеттің 100% қатысуымен «Ақпараттық-есептеу орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Тіркеуші) және білім беру қызметтерін алушылар бойынша ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша пилоттық жобаға қатысатын мемлекеттік және жекеменшік мектепке дейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – Пайдаланушы), бұдан әрі бірлесіп – Тараптар деп аталатындар арасындағы өзара қарым-қатынасты реттейді.

Осы Келісім шеңберінде Пайдаланушылар келесілер:

1) мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде қаржыландырылатын, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын нысанындағы мектепке дейінгі білім берудің жекеменшік және мемлекеттік ұйымдар;

2) мемлекеттік білім беру тапсырысына кірмейтін және шығыстардың бюджеттік сметасы (қаржыландыру жоспары) бойынша қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме нысанындағы мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдары.

Осы Келісім жария офертасы болып табылады. «Balabaqsha» мемлекеттік және жекеменшік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын ваучерлік мемлекеттік қаржыландыру сервисіне қол жеткізе отырып, Пайдаланушы осы Келісімнің барлық шарттарын қосқан және қабылдаған болып есептеледі.

1. Келісімнің мәні

1.1. Осы Келісімде көзделген көлемде және тәртіппен, Пайдаланушы «Balabaqsha» мемлекеттік және жекеменшік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын ваучерлік мемлекеттік қаржыландыру сервисіне (бұдан әрі – Сервис) e-Qazyna.kz веб-порталда (бұдан әрі-Портал) Пайдаланушының жеке шотын / есептік жазбасын ашу және жүргізу арқылы қол жеткізуді ұсыну бойынша міндеттемелерді тапсырады, ал Тіркеуші өзіне қабылдайды.

2. Тіркеушінің құқықтары мен міндеттері

2.1. Тіркеуші міндетті:

2.1.1. Сервисті тәулік бойы ұсыну. Сервиске кіретін қызметтердің тізбесі осы Келісімнің 4-бөлімінде көрсетілген.

2.1.2. Пайдаланушының коммерциялық құпиясын білдіретін мәліметтерді жария етпеу, егер олар Сервисті ұсыну кезінде өзіне белгілі болса, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, дербес деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды цифрлық жүйеде өңдеу кезінде дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

2.2. Тіркеуші құқылы:

2.2.1. осы Келісімнің қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар бұзушылық фактілері анықталған жағдайда, Пайдаланушы және оның Сервистегі операциялары туралы материалдарды және (немесе) ақпаратты құқық қорғау органдарына беру;

2.2.2. Пайдаланушының сенімді тұлғасы ретінде оның дербес деректерін (коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді) алу үшін, оның ішінде дербес деректерге қол жеткізуді бақылаудың мемлекеттік және мемлекеттік емес сервистерін пайдалана отырып, қауіпсіздік токенін алу;

2.2.3. Пайдаланушылар үшін Сервистің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында Сервисті жедел пысықтауды жүзеге асыру.

3. Пайдаланушының құқықтары мен міндеттері

3.1. Пайдаланушы міндетті:

3.1.1. электрондық цифрлық қолтаңбаны (бұдан әрі - ЭЦҚ) қолдана отырып, Портал арқылы Сервисте тіркелу;

3.1.2. тіркеу кезінде тіркеу нысанында өзі туралы сенімді, толық және нақты ақпарат беру;

3.1.3. Тіркеушімен келісім бойынша Сервисті пайдалана отырып операцияларды жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның ішінде оны пайдалана отырып, заңсыз операцияларды жасау мүмкіндігін болдырмау үшін қажет болатын шамада жұмыстың ішкі қағидаларын түзету. Бұл шарт цифрлық заңнаманың және киберқауіпсіздік туралы заңнаманың (оң нәтижемен киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынақтан өткен) талаптарына сәйкес келетін мектепке дейінгі білім беру саласындағы цифрлық объектіні (бұдан әрі – цифрлық объект) таңдауды, барлық бастапқы деректерді беру үшін ақпараттық өзара іс-қимыл режимінде цифрлық объектіні Сервиске қосуды қамтиды;

3.1.4. бұл шарт цифрлық заңнаманың және киберқауіпсіздік туралы заңнаманың (оң нәтижемен киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынақтан өткен) талаптарына сәйкес келетін мектепке дейінгі білім беру саласындағы цифрлық объектіні (бұдан әрі – цифрлық объект) таңдауды, барлық бастапқы деректерді беру үшін ақпараттық өзара іс-қимыл режимінде цифрлық объектіні Сервиске қосуды қамтиды;

3.1.5. Сервис жұмысын сүйемелдеу үшін арнайы құрылған телеграмм топқа Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және жалпы қабылданған мораль мен адамгершілік нормаларына қайшы келетін түсініктемелер мен өзге де жазбаларға жол бермеу;

3.1.6. Сервисте жұмыс істеген кезде өзін басқа тұлға ретінде көрсетпеу, құрамында вирустар немесе басқа зиянды бағдарламалық қамтамасыз ету бар материалдарды пайдаланбау, ақпарат тасымалдағыштарда қол жеткізу құпиясөздерін жазбау, алынған қол жеткізу сәйкестендіргіштерін үшінші тұлғаларға бермеу, өзінің ЭЦҚ (бар болса) пайдалану;

3.1.7. терроризм, экстремизм, ұлтаралық алауыздықты қоздыру және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған өзге де мақсаттар үшін Сервисті және Сервисте алынған ақпаратты пайдаланбау;

3.1.8. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 207-бабына сәйкес Пайдаланушыны қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін негіз бола алатын цифрлық жүйенің (Сервистің) немесе телекоммуникация желілерінің жұмысын бұзуға бағытталған қасақана әрекеттер (әрекетсіздік) қолданбау;

3.1. Тіркеушінің осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін Тіркеушіге қажетті ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету, оның ішінде Тіркеушінің Сервисте дербес деректерді жинауға, сақтауға, беруге және өңдеуге білім алушылардың заңды өкілдерінен (ата-аналардан, қамқоршылардан және т. б.) электрондық келісімді (цифрлық объект арқылы) алуды қамтамасыз ету.

3.2. Пайдаланушы құқылы:

3.2.1. Портал арқылы Сервиске қол жеткізу.

4. Сервисті ұсыну тәртібі

4.1. Сервис келесі функционалды қамтиды:

4.1.1. Тіркеушінің Пайдаланушыға Порталдағы Жеке кабинетте (бұдан әрі – Жеке кабинет) Пайдаланушының жеке шотын / есептік жазбасын ашу және жүргізу арқылы Сервиске қол жеткізуін ұсынуы;

4.1.2. Пайдаланушының осы Келісімге Қосымшаға сәйкес нысан бойынша Келісімге қосылуға өтінім (бұдан әрі – Өтінім) беруі;

4.1.3. 2024 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің № 372 бұйрығымен бекітілген білім беру қызметтерін алушылар бойынша ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша пилоттық жобаны жүргізу алгоритміне сәйкес, білім беру қызметтерін алушылар бойынша ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша пилоттық жоба шеңберінде келесі іс-қимылдарды өткізу:

4.1.3.1. Пайдаланушылар үшін - жекеменшік және мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдары:

- Пайдаланушы мен білім басқармасы немесе бөлімі арасында мемлекеттік білім беру тапсырысын қаржыландыруға шарт жасасу;

- Пайдаланушының Порталда цифрлық объектілермен ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы алынған тәрбиеленушілердің контингенті мен қатысуы туралы мәліметтер негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша көрсетілген қызметтер актілерін қалыптастыру;

- Порталда көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қою арқылы Пайдаланушыдан көрсетілген қызметтерді білім басқармасымен немесе бөлімімен қабылдау;

- оператор («Қаржы орталығы» АҚ) үшін басқарма немесе білім бөлімі Актілер тізілімін қалыптастыру және Портал арқылы операторға ақша төлеуге қол қойылған тапсырманы жіберу;

- білім басқармасымен немесе бөлімімен оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шотына (ҚБШ) төлеуге берілетін шот негізінде төлеу;

- оператордың Пайдаланушыға ҚБШ-тан ақша төлеу үшін төлем тапсырмасын қалыптастыру;

4.1.4. жұмыс уақытында кеңес беру желілерін ұсыну-нақты уақыт режимінде Сервиспен жұмыс істеу бойынша сұрақтарға жауап алу мүмкіндігі:

- Сервистің бағдарламалық жасақтамасының өзекті нұсқалары бойынша көрсетіледі;

- сағат 09:00-ден бастап 18:00-ге дейін (Астана қ. уақыты бойынша), түскі ас сағат 13:00-ден бастап 14:00-ге дейін Сервисте көрсетілген байланыс арналары бойынша ұсынылады.

4.2. Сервистің дамуына қарай оған кіретін қызметтер тізбесін Тіркеуші, оның ішінде уәкілетті мемлекеттік органның жазбаша тапсырмасы бойынша өзгерте/кеңейте алады.

4.3. Пайдаланушы, егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, келешекте келіп түсетін деректерді қоса алғанда, Сервисте және Порталда өзінің дербес деректерін жинауға, сақтауға, беруге және өңдеуге келісім білдіреді.

4.4. Пайдаланушының дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін алу Сервиспен және/немесе Порталмен интеграцияланған дербес деректерге қол жеткізуді бақылаудың мемлекеттік сервисі арқылы жүзеге асырылады.

4.5. Пайдаланушы Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 45-бабына сәйкес Тіркеушіге оған қатысты салық құпиясын құрайтын мәліметтерді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кірістер органдарының ұсынуына өзінің келісімін береді.

4.6. Сервиске қол жеткізу тегін.

5. Келісімнің қолданылу мерзімі, оны өзгерту және бұзу тәртібі

5.1. Келісім Өтінім берілген сәттен бастап күшіне енеді және ағымдағы қаржы жылы ішінде қолданылады.

5.2. Тіркеуші Келісімді Тіркеушінің шешімі бойынша кез келген уақытта біржақты тәртіппен өзгерте алады. Үшінші тұлғалар үшін Пайдаланушы қызметтерінің сапасын арттыру, Пайдаланушыға қойылатын талаптарды арттыру және мемлекеттік органдардың, сондай-ақ Сервис арқылы

Пайдаланушының қызметтерін пайдаланатын үшінші тұлғалардың мүдделеріндегі өзге де мән-жайлар бойынша бастамалар біржақты тәртіппен өзгерту үшін негіз бола алады.

5.3. Тіркеуші немесе Пайдаланушы Келісімді кез келген уақытта біржақты тәртіппен бұзуы мүмкін. Келісімді Пайдаланушының бастамасы бойынша бұзған кезде Тіркеушінің атына Келісімді бұзған күнін көрсете отырып, оны бұзу туралы жазбаша хабарлама жіберіледі.

6. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

6.1. Тараптардың ешқайсысы Тараптардың еркі мен тілегінен тыс туындаған және болжауға немесе болдырмауға болмайтын форс-мажорлық жағдайларға байланысты осы Келісім бойынша міндеттемелерді кешіктіргені немесе орындамағаны үшін екінші Тараптың алдында жауап бермейді.

6.2. Осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындамайтын Тарап өз міндеттемелерін орындауға кедергі және оның әсері туралы екінші Тарапқа хабарлама жіберуге тиіс.

7. Даулы мәселелерді шешу

7.1. Осы Келісім бойынша немесе оған байланысты Тараптар арасында туындайтын барлық даулар немесе келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер жолымен шешіледі.

7.2. Келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда олар заңдарда белгіленген тәртіппен Тіркеушінің орналасқан жері бойынша сотта қаралуға тиіс.

8. Тіркеушінің заңды мекенжайы мен деректемелері

«Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ

010000, Астана қ., Республика даңғылы, 29-үй, БСН: 050540004455;

«Қазақстан Халық банкі» АҚ, КБе: 16

БСК: HSBKKZKX, ЖСК: KZ226018871000394291

«Balabaqsha» мемлекеттік және жекеменшік мектепке
дейінгі білім беру ұйымдарының ваучерлік
мемлекеттік қаржыландыру сервисіне қол
жеткізуді ұсыну үлгілік пайдаланушылық
келісімге қосымша

«Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ
010000, Астана қ., Республика даңғылы, 29-үй

**«Balabaqsha» мемлекеттік және жекеменшік мектепке дейінгі білім беру
ұйымдарын ваучерлік мемлекеттік қаржыландыру сервисіне қол жеткізуді
ұсыну бойынша № (ЗТ)-БСН-___ өтінім**

Бұдан әрі «Пайдаланушы» деп аталатын _____,
(мемлекеттік және (немесе) орыс тіліндегі толық атауы)
«Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ бекіткен және e-Qazyna.kz веб-порталда
ашық қол жеткізуде жарияланған «Balabaqsha» мемлекеттік және жекеменшік
мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын ваучерлік мемлекеттік қаржыландыру
сервисіне қол жеткізуді ұсыну бойынша «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ-
мен үлгілік пайдаланушылық келісімге (бұдан әрі – Келісім) қосылады, сондай-
ақ Келісімде белгіленген шарттарды орындауға міндеттенеді.

Біздің Жеке кабинетімізде Келісімнің 4-бөлімінде көзделген
функцияларды орындау мүмкіндігін іске асыруды сұраймыз.

Пайдаланушының деректемелері:

1. Ұйымның атауы: _____
(Жарғыға сәйкес)
2. Сәйкестендіру нөмірі (БСН): _____
3. Телефондар: _____
(елді мекен кодын қосқанда)
4. Электрондық пошта және басқа байланыс түрлері: _____

Пайдаланушы Келісіммен танысқанын растайды және оның шарттарын
орындауға міндеттенеді және Келісімге кейіннен енгізілген барлық өзгерістер
мен толықтыруларды қабылдайды.

Пайдаланушы қол қойған және жіберген 20__ жылғы «__» _____ сағат 00:00:
ЭЦҚ-дан алынған деректер (ЭЦҚ-ға қол қойылған күні мен уақыты) не Тіркеушінің
SMS-хабарламасына растау (телефон нөмірі, келісім алған күні мен уақыты).

Утверждено приказом
АО «Информационно-учетный центр»
от 26 августа 2026 года № 582

**Типовое пользовательское соглашение № __/26
по предоставлению доступа к Сервису ваучерного государственного
финансирования государственных и частных организаций дошкольного
образования «Balabaqsha»**

Настоящее Типовое пользовательское соглашение по предоставлению доступа к Сервису ваучерного государственного финансирования государственных и частных организаций дошкольного образования «Balabaqsha» (далее – Соглашение) является договором присоединения в соответствии со статьей 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан и регулирует взаимоотношения между акционерным обществом «Информационно-учетный центр», со 100%-ным участием государства в уставном капитале, являющимся подведомственной Министерству финансов Республики Казахстан организацией в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 24 апреля 2008 года № 387 (далее – Регистратор), и государственными и частными организациями дошкольного образования, участвующими в пилотном проекте по размещению государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение с учетом ваучерного финансирования по получателям образовательных услуг (далее – Пользователь), далее совместно именуемыми – Стороны.

В рамках настоящего Соглашения Пользователями могут являться:

- 1) частные и государственные организации дошкольного образования в форме государственного предприятия на праве хозяйственного ведения, финансируемые в рамках государственного образовательного заказа;
- 2) государственные организации дошкольного образования в форме государственного учреждения, не входящие в государственный образовательный заказ и финансируемые по бюджетной смете расходов (плану финансирования).

Настоящее Соглашение является публичной офертой. Получая доступ к Сервису ваучерного государственного финансирования государственных и частных организаций дошкольного образования «Balabaqsha», Пользователь считается присоединившимся и принявшим все условия настоящего Соглашения.

1. Предмет Соглашения

1.1. Пользователь поручает, а Регистратор принимает на себя обязательства по предоставлению доступа к Сервису ваучерного государственного финансирования государственных и частных организаций

дошкольного образования «Balabaqsha» (далее – Сервис) посредством открытия и ведения лицевого счета / учетной записи Пользователя на веб-портале e-Qazyna.kz (далее – Портал) в объеме и порядке, предусмотренных настоящим Соглашением.

2. Права и обязанности Регистратора

2.1. Регистратор обязан:

2.1.1. предоставлять Сервис на круглосуточной основе. Перечень услуг, входящих в Сервис, указан в разделе 4 настоящего Соглашения;

2.1.2. не разглашать сведения, представляющие коммерческую тайну Пользователя, если таковые стали известны ему при предоставлении Сервиса, обеспечить конфиденциальность персональных данных, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан, а также обеспечить безопасность персональных данных при их обработке в цифровой системе.

2.2. Регистратор вправе:

2.2.1. передать материалы и (или) информацию о Пользователе и его операциях на Сервисе в правоохранительные органы в случае выявления фактов нарушения настоящего Соглашения, имеющего признаки уголовного правонарушения;

2.2.2. получать в качестве доверенного лица Пользователя токен безопасности для получения его персональных данных (сведений, составляющих коммерческую тайну), в том числе с использованием государственного и негосударственных сервисов контроля доступа к персональным данным;

2.2.3. осуществлять оперативную доработку Сервиса в целях обеспечения нормальной работы Сервиса для Пользователей.

3. Права и обязанности Пользователя

3.1. Пользователь обязан:

3.1.1. зарегистрироваться на Сервисе через Портал с применением электронной цифровой подписи (далее – ЭЦП);

3.1.2. при регистрации предоставить в регистрационной форме достоверную, полную и точную информацию о себе;

3.1.3. по согласованию с Регистратором скорректировать внутренние правила работы в той мере, в которой это будет необходимо для обеспечения безопасности проведения операций с использованием Сервиса, в том числе исключения возможности совершения неправомерных операций с его использованием. Данное условие включает в себя выбор цифрового объекта в области дошкольного образования (далее – цифровой объект), соответствующего требованиям цифрового законодательства и законодательства о кибербезопасности (прошедшего испытания на соответствие требованиям кибербезопасности с положительным результатом), подключение цифрового

объекта к Сервису в режиме информационного взаимодействия для передачи всех первичных данных;

3.1.4. не предпринимать действия, которые могут рассматриваться как нарушающие законодательство Республики Казахстан или нормы международного права, в том числе в сфере интеллектуальной собственности, авторских и/или смежных прав, а также любые действия, которые приводят или могут привести к нарушению нормальной работы Сервиса;

3.1.5. не допускать комментарии и иные записи, противоречащие требованиям законодательства Республики Казахстан и общепринятым нормам морали и нравственности, в телеграмм группе, созданной специально для сопровождения работы Сервиса;

3.1.6. при работе в Сервисе не выдавать себя за другое лицо, не использовать материалы, содержащие вирусы или другое вредоносное программное обеспечение, не записывать пароли доступа на носителях информации, не передавать полученные идентификаторы доступа третьим лицам, использовать собственную ЭЦП (при наличии);

3.1.7. не использовать Сервис и полученную на Сервисе информацию в целях терроризма, экстремизма, разжигания межнациональной розни и иных запрещенных законодательством Республики Казахстан целях;

3.1.8. не предпринимать умышленные действия (бездействие), направленные на нарушение работы цифровой системы (Сервиса) или сетей телекоммуникаций, которые могут послужить основанием для привлечения Пользователя к уголовной ответственности согласно статье 207 Уголовного кодекса Республики Казахстан;

3.1.9. обеспечивать Регистратору необходимый доступ к информации для выполнения Регистратором своих обязательств по настоящему Соглашению, в том числе обеспечить получение электронного согласия (посредством цифрового объекта) от законных представителей обучающихся (родителей, опекунов и т.п.) на сбор, хранение, передачу и обработку персональных данных Регистратором в Сервисе.

3.2. Пользователь вправе:

3.2.1. иметь доступ к Сервису через Портал.

4. Порядок предоставления Сервиса

4.1. Сервис включает в себя функционал по:

4.1.1. предоставлению Регистратором Пользователю доступа к Сервису посредством открытия и ведения лицевого счета / учетной записи Пользователя в Личном кабинете на Портале (далее – Личный кабинет);

4.1.2. подаче Пользователем заявки на присоединение к Соглашению (далее – Заявка) по форме, согласно Приложению к настоящему Соглашению;

4.1.3. проведению в рамках пилотного проекта по размещению государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение с учетом ваучерного финансирования по получателям образовательных услуг согласно Алгоритму проведения пилотного проекта по

размещению государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение с учетом ваучерного финансирования по получателям образовательных услуг, утвержденному приказом Министра просвещения Республики Казахстан от 30 декабря 2024 года № 372, следующих действий:

4.1.3.1. для Пользователей - частных и государственных организаций дошкольного образования:

- заключению между Пользователем и управлением или отделом образования договора на финансирование государственного образовательного заказа;

- формированию Пользователем на Портале актов оказанных услуг по дошкольному воспитанию и обучению на основании сведений о контингенте и посещаемости воспитанников, полученных посредством информационного взаимодействия с цифровыми объектами;

- приему управлением или отделом образования оказанных услуг от Пользователя посредством подписания актов оказанных услуг на Портале;

- формированию управлением или отделом образования для оператора (АО «Финансовый центр») Реестра актов и направлению посредством Портала оператору подписанного поручения на выплату денег;

- оплате управлением или отделом образования на контрольный счет наличности (КСН) оператора на основании счета к оплате;

- формированию оператором платежного поручения для оплаты денег с КСН Пользователю;

4.1.4. предоставлению в рабочее время линии консультаций – возможности в режиме реального времени получить ответы на вопросы по работе с Сервисом, которые:

- оказываются по актуальным версиям программного обеспечения Сервиса;

- предоставляются с 09:00ч. до 18:00ч. (по времени г. Астана), обед с 13:00ч. до 14:00ч. по каналам связи, указанным в Сервисе.

4.2. По мере развития Сервиса перечень услуг, входящих в него, может изменяться/расширяться Регистратором, в том числе по письменному поручению уполномоченного государственного органа.

4.3. Пользователь выражает согласие на сбор, хранение, передачу и обработку своих персональных данных в Сервисе и на Портале, включая данные, которые поступят в будущем, если только это не противоречит законодательству Республики Казахстан.

4.4. Получение согласия Пользователя на сбор и обработку персональных данных осуществляется посредством государственного сервиса контроля доступа к персональным данным, интегрированного с Сервисом и/или Порталом.

4.5. Пользователь дает свое согласие на предоставление органами государственных доходов Республики Казахстан Регистратору сведений в отношении него, составляющих налоговую тайну, в соответствии со статьей 45 Налогового кодекса Республики Казахстан.

4.6. Доступ к Сервису является бесплатным.

5. Срок действия, порядок изменения и расторжения Соглашения

5.1. Соглашение вступает в силу с момента подачи Заявки и действует в течение текущего финансового года.

5.2. Соглашение может быть изменено Регистратором в одностороннем порядке в любое время по решению Регистратора. Основаниями для изменения в одностороннем порядке могут выступать инициативы по повышению качества услуг Пользователя для третьих лиц, повышение требований к Пользователю и иные обстоятельства в интересах государственных органов, а также третьих лиц, которые пользуются услугами Пользователя посредством Сервиса.

5.3. Соглашение может быть расторгнуто Регистратором или Пользователем в одностороннем порядке в любое время. При расторжении Соглашения по инициативе Пользователя, в адрес Регистратора направляется письменное уведомление о расторжении Соглашения с указанием даты его расторжения.

6. Обстоятельства непреодолимой силы

6.1. Ни одна из Сторон не несет ответственности перед другой Стороной за задержку или невыполнение обязательств по настоящему Соглашению, обусловленные форс-мажорными обстоятельствами, возникшими помимо воли и желания Сторон, и которые нельзя было предвидеть или избежать.

6.2. Сторона, которая не исполняет свои обязательства по настоящему Соглашению, должна направить извещение другой Стороне о препятствии и его влиянии на исполнение своих обязательств.

7. Решение спорных вопросов

7.1. Все споры или разногласия, возникающие между Сторонами по настоящему Соглашению или в связи с ним, разрешаются путем переговоров между Сторонами.

7.2. В случае невозможности разрешения разногласий путем переговоров они подлежат рассмотрению в суде по месту нахождения Регистратора в установленном законодательством порядке.

8. Юридический адрес и реквизиты Регистратора

АО «Информационно-учетный центр»

010000, г. Астана, пр. Республики, д.29, БИН: 050540004455;

АО «Народный банк Казахстана», КБе: 16

БИК: HSBKKZKX, ИИК: KZ226018871000394291

Приложение
к Типовому пользовательскому
соглашению по предоставлению доступа
к Сервису ваучерного государственного
финансирования государственных и
частных организаций дошкольного
образования «Balabaqsha»

АО «Информационно-учетный центр»
010000, г.Астана, пр. Республики, д.29

Заявка № (ЮЛ)-БИН-____
на присоединение к Типовому пользовательскому соглашению
по предоставлению доступа к Сервису ваучерного государственного
финансирования государственных и частных организаций дошкольного
образования «Balabaqsha»

Настоящим _____,
(полное наименование на государственном и (или) русском языке)
именуемое в дальнейшем «Пользователь», присоединяется к Типовому
пользовательскому соглашению с АО «Информационно-учетный центр» по
предоставлению доступа к Сервису ваучерного государственного
финансирования государственных и частных организаций дошкольного
образования «Balabaqsha», утвержденному АО «Информационно-учетный
центр» и опубликованному в открытом доступе на веб-портале e-Qazyna.kz
(далее – Соглашение), а также обязуется выполнять условия, установленные
Соглашением.

Просим реализовать в нашем Личном кабинете возможность выполнения
функций, предусмотренных разделом 4 Соглашения.

Реквизиты Пользователя:

1. Наименование организации: _____
(в соответствии с Уставом)
2. Идентификационный номер (БИН): _____
3. Телефоны: _____
(включая код населенного пункта)
4. Электронная почта и другие виды связи: _____

Пользователь подтверждает, что ознакомлен с Соглашением и обязуется
выполнять его условия, и принимает все внесенные впоследствии изменения и
дополнения в Соглашение.

Подписано и отправлено Пользователем в 00:00 часов «__» _____ 20__ года:

Данные из ЭЦП (дата и время подписания ЭЦП) либо подтверждение на SMS-
уведомление Регистратора (номер телефона, дата и время получения согласия).